

Астана қ.

## **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылық құрамындағы өзгерістер жайлы хабарлайды**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компания басшылығының құрамындағы келесідей өзгерістерді хабарлайды.

**ҚМГ Басқарма Төрағасының орынбасары Дәурен Қарабаев** «Шеврон» компаниялар тобына жаңа жұмысқа ауысуына байланысты 2023 жылдың 20 наурызынан бастап өз қызметінен кетті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев Д.Қарабаевқа ұзақ жылғы қажырлы еңбегі мен компанияның дамуына қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдірді.

Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы ұзақ жылдар бойы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясында түрлі басшылық қызметтерді атқарды. Экономика және қаржы блогының басшысы ретінде компанияның қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыс жүргізді.

Басқарма құрамындағы өзгерістер ҚМГ Директорлар кеңесі тиісті шешімдер қабылдағаннан кейін белгіленген тәртіппен ашылады.